

Нұра ауданы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 10 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33, 37 баптарына сәйкес Нұра ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТЕДІ:**

1. Нұра ауданы әкімінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 10 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне № 3582 болып тіркелген, 2015 жылы 31 желтоқсанда № 53 аудандық "Нұра" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 15 қаңтарда жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндеттерін атқарушысы Нұралы Нұрмақұлы Қалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ. Бексұлтанов